

Біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 2010 жылғы 21 қыркүйектегі N 42-7 шешімі. Жамбыл облысы Сарысу ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 21 қазанда 102 нөмірімен тіркелді. Күші-жойылды Жамбыл облысы Сарысу аудандық мәслихатының 7 қыркүйектегі 2015 жылғы № 50-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды Жамбыл облысы Сарысу ауданық мәслихатының 07.09.2015 жылғы № 50-4 шешімімен.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Заңы 36-бабының 6 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 1-қосымшаға сәйкес базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондар құны белгіленсін.

2. 2-қосымшаға сәйкес қызметі дүркін-дүркін сипаттағы жеке тұлғалар үшін біржолғы талондар құны белгілінсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
М. Төлепбеков

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
М. Есмаханов

Сарысу аудандық мәслихатының
2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 42-7
шешіміне 1-қосымша

Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар

өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар үшін біржолғы талондар құны

N p /c	Тауар, жұмыс және қызмет атаулары	Әр сатушының алатын сауда алаңы	Біржолғы талон құны (теңге)
1.	Базарлар аумағындағы (дүңгіршіктердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда) сату:		
1)	азық түлік және халық тұтынатын тауарлар	Бір сауда орны	60
2)	киімдер, мата, бас киімдер, аяқ киімдер, теріден жасалған бұйымдар	Бір сауда орны	100
3)	ет және ет өнімдері	Бір сауда орны	97
4)	нан және нан тағамдары, кондитерлік тағамдары	Бір сауда орны	35
5)	сүт және сүт өнімдері	Бір сауда орны	25
6)	гүлдер	Бір сауда орны	30
7)	ұсақ-түйек тауарлар	Бір сауда орны	40
8)	қолданған тауарлар	Бір сауда орны	20
9)	құрылыс материалдары	Бір сауда орны	60
10)	кеңсе тауарлары	Бір сауда орны	50
11)	көкөніс, жеміс-жидектер	Бір сауда орны	30
12)	косметикалық тауарлар	Бір сауда орны	40
13)	көкөніс салаттары	Бір сауда орны	25
14)	ірі қара мал, жылқы, қой, ешкі,	Бір сауда орны	30

Сарысу аудандық мәслихатының
2010 жылғы 21 қыркүйектегі № 42-7
шешіміне 2-қосымша

Қызметі дүркін-дүркін сипаттағы жеке тұлғалар үшін біржолғы талондар құны

N p/c	Қызмет түрі	Біржолғы талон құны (теңге)
1.	Сату (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):	
1)	газеттер мен журналдар	40
2)	тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материал (екпелер, көшет)	20
3)	балық	40
2.	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметін	300
3.	Жеке немесе жалға алынған жүк көліктерімен ақылы қызмет көрсету	150

